Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 19 желтоқсан №4712-23-00-2/3941 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақтау қаласы әкімдігінің "Ақтау электр желілері басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"AES-company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Ақтау қаласы әкімдігінің "Ақтау электр желілері басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкер "AES-company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

"AES-company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"AES-company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Ақтау қаласы әкімдігінің "Ақтау электр желілері басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 27 440 (жиырма жеті мың төрт жүз қырық) теңге айыппұл және 823 (сегіз жүз жиырма

үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

"AES-company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекет баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 21.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.01.2024, судья Борашева А. А., 31.01.2024

4712-23-3-1/3944